

ӘОЖ 316.47

Ж.А. Нұрбекова\*, З.Ж. Жаназарова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

\*E-mail: janaranur@yahoo.com

**Қазақстан әлеуметтануының қайнар көзі**

Мұны жоғарыда көрсетілгендерді сипаттай отырып, келесі кезеңдерден көруге болады: Қазақ интеллигенциясының ұлттық дамуы мен ұлттық мемлекеттілігі идеясының пайда болуы (1890-1917 жж.). Революциялық қайта құру. Әлеуметтануға тыйым салу. Әлеуметтану буржуазиялық ғылым ретінде танылады (1917-1937 жж.). Қоғамдыққа альтернативсіздік идеялары мен көзқарастары, сталинизм идеологиясы мен нығайтуы әлеуметтануда теориялық ұстанымдар жасалмады (1937-1954 жж.). Мемлекеттік және қоғамдық құрылымды түсіну капиталистік альтернативаға сай болды. Әлеуметтанудың тарихи материализм мен ғылыми коммунизм негізінде дамуы. Әлеуметтанудың ғылым ретінде институтционализациялануы қалыптаса бастайды (1954-1985 жж.). Елдегі социалистік қоғам жүйесінде жүйелі өзгерістер, әлеуметтік-саяси және экономикалық өмірінде түпкілікті жаңарулар болды. Социологиялық зерттеулер қолданбалы сипатқа ие болды (1985-1991 жж.). Қазақстанның зайырлы мемлекет ретінде өзіндік даму кезеңі. Әлеуметтанудың ғылым ретінде қалыптасу кезеңі, әлеуметтанулық білімнің институтционализациялануы, білімді интернационализациялау мәселесін талқылау және Болондық процеске өту. Әлемдік әлеуметтанулық кеңістіктегі интеграциясы, қалыптасуы мен құрылуы (1991 бүгінгі күнге дейін).

**Түйін сөздер:** кезеңдер, тарих, социологиялық талдау, әлеуметтану.

Zh. Nurbekova, Z. Zhanazarova

**Source of the Kazakhstan`s Sociology**

In the article «Source of the Kazakhstan`s Sociology» addresses the historical perspective of Kazakh origins of sociology. Sociological views of scientists built on the understanding that humanity is part of nature, developed as naturally as an objective external world. In the theories of the various issues of the social structure of the Kazakh society, the social conditions of the formation and development of personality, formed position on the significance of human values, the integrity of Kazakhstan`s society.

**Key words:** a historical perspective, the origins of sociology, social structure, personal development.

Ж.А. Нурбекова, З.Ж. Жаназарова

**Основы казахстанской социологии**

В статье рассматриваются вопросы исторической ретроспективы истоков казахстанской социологии. Социологические взгляды ученых построены на понимании того, что человечество является частью природы, развивается столь же закономерно, как и объективный внешний мир. В теориях рассматриваются различные вопросы социальной структуры казахского общества, социальные условия становления и развития личности, формируются положения о значимости общечеловеческих ценностей, о целостности единого казахстанского общества.

**Ключевые слова:** историческая ретроспектива, истоки социологии, социальная структура, развитие личности.

Қорқыт ақын және жазушы (VIII ғ.), ақылды ойшыл, қиын жағдайға душар болғандарға ақыл-кеңес берді және ол соғысқа аттанатын

батырларға жеңіс тілеп, батасын берген. Қазақ халқында Қорқыттың аты қобыз жасағандығымен жария болды М.О. Әуезов «Мұны көрген

Қорқыт өзінің жалғыздығынан шырғай ағашынан бірінші қобызын жасап, оған ішектер тартып, өзінің толғандырған ойлары мен сезімін суреттей отырып, қобызда ойнады. Бұл әуенге ол өзінің барлық жанын салды. Осылайша оның керемет әуендері барлық әлемді жаулап, оларды баурап алды», – деп жазды [Ауэзов М.О., Соболев Л. Эпос и фольклор казахского народа // Литературный критик. 1939. №10-11].

Қорқыттың әуендері мен мотивтер халық арасында ең көп тарағандардың бірі болып табылады. Олардың ішінен «Қорқыттың мотиві», «Саймақты сары өзен», «Бозайғыр» және т.б. Қорқыттың дүниетанымы ежелгі, зорастрийлік ұстанымдар сараптамасы болды да, пұтшылық пен исламның жаңа сенімімен бірікті. Дәстүрлер Қорқыттың, мифологиялық тақырыптар мен коллективті бейнедегі өмірді сүюіне әсер етті.

Әл-Фарабидің қайырымды қала және қоғамды толығымен қамтамасыз ету қажеттілігі кейінгі қоғамдық ойдың қалыптасуына үлкен әсерін тигізді. Адамдар өздері әсер ететін қоғамда өмір сүреді, сондықтан да оның қалыптасуы үшін заңдар мен ережелерді басқару қажет. Оларға табиғатынан барлық нәрсеге қол жеткізу мүмкіндігі бірдей бөлінген, сондықтан да басқарушылардың іс-әрекеттері бірінші дәрежелі маңызға ие, олар нақты философиямен қанаттандырылып, қоғамды қайырымдылыққа алып келуге ықпал жасады.

Адам «таза парақ» сияқты, қоғам оған не жазғысы келсе соны жазады. Онда жақсы құндылықтар мен нормаларды қалыптастыру қажет, сол кезде ғана басқарушы-философтар жақсы жағдаймен, географиялық ортамен және өзін-өзі белсенді тәрбиелеу мүмкіндігіне қол жеткізеді. Адам мінез-құлқының нормаларын өзі қалыптастырады. Айта кетсек, барлық сапалар іс-әрекеттің шектеуіне тәуелді. Осылайша, аса батылдық шектен шығуға, ал оның жетіспеушілігі қорқақтыққа алып келеді. Қолы ашықтықтан сарандыққа, ақылдылық – сайқымазақтық және қалжыңдық сезімі жоқ болуына, адалдықтан – күдік пен қулық, достықтан – жалпылдаушылық пен менмендікке ауысып отырады, сондықтан да, бақытқа жету адам үшін жоғары мақсат болып табылды. Нақты бағытталған іс-әрекет үлкен жетістікке қол жеткізуге ықпал етті [Орынбеков М. Философские воззрения Абая. – Алматы: Билим, 1995].

Қоғамның құрылымы адамның биологиялық организміне ұқсас әлеуметтік организм. Басқарушының қызметі адам емдейтін дәрігердің

қызметімен бірдей десек те болады. Бірақ басқарушы денені емес, жанды емдейді. Қоғам – ойшылдың айтуы бойынша қажеттіліктер мен еңбек бөлінісі десе де, ол адамдардың рухани қауымдастығы.

Қоғамдық өмірді зерттеу – илм ал-мадания (қала-мемлекет) әл-Фарабидің ғылыми мұрасындағы негізгі орынға ие болады. Қоғам құрылымы теориясына ол бірқатар еңбектерін арнады, соның ішінде «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат», «Бақытқа жету кітабы». «Бақыт жолын көрсету» атты еңбегі оның жан-жақты жүйесінің қорытынды бөлімі болды.

Әл-Фараби қоғам өмірінің мәселелерін зерттеу барысында келесі сұрақтарды қарастырды:

1. Қоғам жайлы ғылымның объектісі мен пәні анықтау.
2. Философия тұрғысынан әлеуметтік бірлестіктердің түрлері мен құрылымы, пайда болуы мен құрамы.
3. Қала – мемлекет, қалалық бірлестіктердің өмірі мен ерекшеліктері, мемлекет және оны басқарудың түрлері.
4. Адамның қоғамдағы орны мен міндеттері, еңбек іс-әрекеті, құндылығы және тәрбиесі.
5. Мемлекеттік бірігудің мақсаты, бақытқа жетудің жолдары мен тәсілдері.

Үлкен өмірлік көзқарастары мен өмірлік ақпараттары, идеалдық қоғам нормалары, саясат, ғылым мен мәдениет салалары туралы мәліметтер Жүсіп Баласағұнның энциклопедиялық туындысында қарастырылған.

«Құтадғу білік» (Благодатное звание) еңбегінде адамдардың өмір сүруінің тәжірибелік бағыттары анықталған, нақтырақ айтсақ, министрге, топ басшысына, хатшыға, елшіге және т.б. қажетті сапалары суреттелген.

Ол әртүрлі жіктерге тән адамдардың қоғамдағы мінез-құлқының тәртібін, қоғамның әлеуметтік иерархиясын игеруде маңызды орынға ие болатын басшы мен бағынышты арасындағы қарым-қатынас немесе адамдық қарым-қатынастың ережеге сай құрылымын құрудың қажеттілігін толығымен сипаттап береді. Мұнда өзіндік адам философиясы мен қоғам қалыптасады, яғни қоғамда өмір сүретін әлеуметтік шындық өз орнын табады.

Әлемді бағындыру үшін білімнің мәнділігі жайлы мәліметтер Баласағұнның тезистерінде зерттелген. Макрокосмос (әлем) және микрокосмос (адам) мәселесі Баласағұн адам мен дүниетанымдық ойлаудың негізі болды. Біз бай-

қап отырған әлемдік үйлесімділік негізінде әділ қоғамды құруымыз қажет, осыдан келіп ғылым мен білімнің фундаменталдық рөлінің маңыздылығы айқындалады.

Білімді өмірге енгізуіміз керек, яғни, қараңғы бұқараны білім нәрімен сусындатуымыз қажет. Олар білім бұл – элексир, ақыл – керемет сарай екендігін ойламайды, оған ұмтылмайтын әрбір адам еріксіз өзін-өзі шеттетеді. Таным жолында қайырымдылыққа жетеді, ол тақсырды да, ойшылды да, шенеунікті де адам сүйгіштікке бағыттайды. Таным мәңгілік өмір сүретін қайырымдылық жолына жетелейді. Алайда, бұл өмірде жиі сенімсіздікпен қарайсың, себебі уақыт сондай немесе достар қатыгез болуы мүмкін.

Өмірдің мәнін түсінуде адамды тәрбиелеу мен қалыптастыру үлкен мағынаға ие. Егер құдай бүкіл әлемнің жаратушысы болса, онда ана мен әке ұрпақты жалғастырушы ретінде өздерінің балаларын тәрбиелеуі қажет. Ата-ананың негізгі мақсаты – балаларына өткенді ғибадат ету мен ата-бабаларын сыйлаудың қажет екендігін санасына жеткізу. Олар балалар үшін қоғамда да күнделікті өмірде де үлгі болуы тиіс.

Махмұд әл-Қашғари өзінің саяси мәселелер қатарымен түркі халықтары орналасқан барлық облыс аймақтарында болды. Сол кездегі салжұқтарға тиеселі болған Бағдад қаласына да Қашқари кітап жазу туралы ой түйген болатын. Онда түркі халқына жан-жақты сипаттама берілді, оның менталитеті, әдет-ғұрпы, географиялық орналасуы, соның ішінде тіл мәселесіне баса назар аударылды.

Махмұд әл-Қашғаридың «Дуани лұғат-ат-түрік» атты атакты кітабында түркі энциклопедиясы туралы мәлімет берілген. Онда тарихи-мәдени, этнографиялық және лингвистикалық ақпараттар жайлы толығымен жинақталған. «Диван» ал-Қашғари – түркі мәдениетінің ескерткіші, XI ғасырдағы түркі халқының дүниені қабылдауы, этикалық құндылықтары мен нормаларын сипаттаған болатын. Кітапта ежелгі зорастрлік-шамандық өмірді танумен қатар жаңа идеологияның элементтері – исламның суфизм сияқты ағымдары да қарастырылған.

Махмұд әл-Қашғари адамның рухани-құндылықты негізіне баса назар аудартатын түркі хақының қоғамдық өмірінің бағытын зерттеген. Құдай мен адамның, индивид пен дүниетанымның, жан мен тәннің, рух пен жүрек ұғымдары түркілердің іс-әрекеттері мен қызығушылықтары ретінде адамгершілікке біріктірілді. Бұл

мораль мен адамгершілік бастауды осы халық өкілдерінің өмірінің бастамасы болды. Адам өміріндегі барлық өмірлік іс-әрекеттер адамгершілік позициясынан бағаланды.

Оған түркілердің табиғатқа жақын екендігі және онымен бірге екендігі көмектесті. Қазақ халқының қалыптасуы өзін-өзі сақтау мен өз ұрпағын жалғастыру мәселесі, халықтың өзара қолдауына үлкен мән берді, бұл моральдық қарым-қатынастың алғашқы базасы болды.

Махмұд «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде ғасырлар бойы ұжымдық өмір тәжірибесімен сақталған түркілердің дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының, үлкендерді сыйлаудың мағынасы туралы жазады.

Түркі этносын, оның ерекшеліктері мен пайда болуын тану жас ұрпақты туған жер мен Отанды сүйе, яғни патриоттыққа тәрбиелеу үшін ана тілін зерттеуге деген қажеттілікті туғызды.

Махмұд тіл дегеніміз барлығының бастамасы деп білді, яғни ол тәрбиенің басы, байланысқан сөзді тіспен де ажырата алмайсың, дұрыс айтылған сөз ғылым мен білімді тануға алып келеді дейді. Бұл барлық түркі тілдерінің астарында сақталған сөздерді, ақылдылықты түсінуге бағытталған.

Қазақстандағы суфистік философияның қалыптасуы ұлы ойшыл Қожа Ахмет Ясауидің есімімен байланысты болды. Қожа Ахмет Ясауи өзінің көзқарасы бойынша суфист болды, аскетизм мен шектеуді ислам ішіндегі мистиканы зерттеуші.

Суфизмдегі негізгі болып тұрмыстық бірлік табылды, ол үш деңгейден – абсолюттен, есімдер мен архетиптен, феноменалдық әлемнен көрінеді. Абсолют – бұл құдай, шындық, бір ғана нақты шынайылық, әлем құдайдың көлеңкесі, ал оның арасында есімдер тұрады, олар абсолютті және материалдық тұрмыс арасында болады. Осы «атақты есімдер» құдайдың модустары мен атрибуттарын көрсететін теологиялық категориялары және философиялық ұғымдары болып табылады. Мұнда неоплатонизмнің әсері байқалады, идеялар иерархиясы болады, олар өз бетімен шынайылыққа ие бола алмайды, тек қана біршама жоғары идеялардың пайда болу формасы ретінде ғана қызмет атқарады, ал олар болса, өз кезегінде одан да жоғары болып көрінеді.

Әлемдегі барлық өмір сүрушілер құдайға қатынасы жағынан екінші рет пайда болғандар. Бұл неоплатонигінен келген, біріккен тұрмыс триадасында өз ішінде болады, кейіннен өз шеңберінен шығып, соңынан қайтып өзіне оралады.

Бұл қайта олар қалыптасқан адаммен жүзеге асырылады, ол – құдайдың туындысы, оның қорытындысы болып табылады. Ол өзінде құдайдың туындысы ретінде оның мөріне ие болады. Сондықтан да адам универсумның ең қалыптасқан тіршілік иесі, ал басқалары Құдайдың атрибуттарының, көптеген аспектілерінің бірі ғана. Адам құдай туындыларының барлық формаларын өзіне жинақтайды, тіршіліктің барлығы сонда интеграцияланады да шынайы әлемді біріктіреді. Әлем макрокосмос болса, ал адам – микрокосмос.

Бұл адамға барлық тұрмыстың өлшемі болуға мүмкіндік береді, ол тек қана микрокосмос қана емес, ол құдай мен әлемнің арасындағы бірлікті қамтамасыз етеді. Тұрмыстық бірлік идеясы, құдайлық субстанция барлық тіршіліктің имманентті себебі болады, ол өмірлік, сонымен бірге, күнделікті қозғалыста және ол әртүрлі формаларда пайда болып отырады.

Абай Құнанбаев 1845 жылы 10 тамызда ірі феодал Құнанбай Өскенбаевтың отбасында Шыңғыс тауында Семей облысында дүниеге келген. Абай аристократиялық отбасынан жанжақты білім алды. Ол бір жағынан орта мектеп және рухани семинар болып табылатын мұсылмандық оқу орнына медресеге барды. Сонымен бірге, Абай орыс мектебінің де оқушысы болды.

Оның әлемді тануына бір жағынан шығыс ойшылдары мен ақындары (Фирдоуси, Алишер Навои, Низами, Физули, Ибн Сина), ал екінші жағынан орыс классиктері әсер етті. Орыс әдебиеті арқылы ол батыс Еуропа әдебиетімен танысты.

Абай, өз халқын батыс мәдениетінің жетістіктерімен таныстыру міндеті деп есептеді. Ол батыс әдебиетін насихаттаушы мен аудармашы ретінде болды. Оның аудармаларының ішінде: Лермонтовтың, Гете мен Байронның өлеңдері, Крыловтың баснялары, Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасы. Абай жаңа өлең өлшемдерін құрып, өлең құрастыру жүйесінің реформаторы болды. Сонымен бірге, алты және сегіз жолдық өлең қатарының жаңа формаларын ойлап тапты.

Ақын қазақ қоғамының мәселелесіне баса назар аударды. Ол әлеуметтік жәбірлеу мәселесі қатты толғандырды.

Абай 170-ке жуық өлеңдер мен бірнеше поэмалардың авторы. Оның атақты туындыларының бірі «Қара сөз» поэмасы. Поэма 45 бөлімге бөлінген болатын. Онда Абай тарих, педагогика, мораль мен құқықтың мәселелерін қозғайды. Сонымен бірге, тұлғаның әлеуметтену үрдісі, оның құрылымы мен маңыздылығын

бейнелейді. Әлеуметтенудің жағымды үрдісі ол жақсы қоршаған ортадан көреді. Жетінші қара сөзінде: «Бала екі бастамаға ие бола отырып өмірге келеді. Оның бірінші тамақ, су мен ұйқыны талап етеді. Бұл – тән қажеттілігі, онсыз тән өсіп нығаймайды. Келесісі танымға деген ұмтылыс. Жас бала ашық заттарға ұмтылады, оларды аузына салады, дәмін көріп, бетіне басады. Есейе келе, тынышы кете бастайды, көзі көріп, құлағы естігендердің барлығы жайлы сұрай бастайды. Бұл не? Не үшін? Ол неге олай істейді? Бұл, барлығын естіп барлығын үйренгісі келген жан қажеттілігі».

Абай адамдағы әлеуметтік және биологиялықты нақты ажыратып береді, оның табиғи бастамасы мен әлеуметтік дамуын талдайды: «адам баласы өмірге ақылды болып келмейді. Тек есту, дәмін көру арқылы ғана жақсы мен жаманның айырмашылығын ажыратады».

Абай ілімінде қоғам мен адамның даму процесі үш сатыға бөлінеді. Біріншісі – төменгі саты, онда белгілі бір әлеуметтік тәртіп, өмірлік бағдарлар жоқ. Бұл «жарым адамның» ауыр, ұзақ, бақытсыз өмірі, ол адамды Абай жануарға теңейді. Екінші кезеңде қоғам белгілі бір тәртіпке ие болады, оны нығайтады, материалдық молшылыққа қол жетеді, ақыл-ой арқылы рухани болмыс ретінде жалпы адамзаттың негізі танылады. Бұл деңгейде Абай жеке адамды «адам» деп атайды. Үшінші деңгейде адам таза рухани жолмен кемелдікке жетуге тиіс. Бұл шынайы ілімге және мәңгілік қанағаттандыруға апарар жол, оған «толық адам» жетеді. Алайда, бұл деңгейге жалпы қоғам түгел қол жеткізе бермейді, оған тек жекелеген адамдар қол жеткізе алады, сондықтан да ол алдағы мақсат болып қала береді.

Қоғамдық прогрестің қозғаушы күші тұлға болып табылады. Қазақ ойшылы үшін прогресс – қоғамның алға жылжуы, оның жоғары сатысы әлеуметтік тәртіп пен жоғары парасатты тұлғаны қоса қамтиды. Төменгі саты – бей-берекеттік және жарым адам. Ортаңғы сатысы – тұлғаның материалдық молшылығы мен рухани тепе-теңдігінің үйлесуі.

Жалпы классикалық ағарту ісінде мәселелер келесідегідей бөліктерге бөлінеді: адам, оның әлеуметтік мәні, білім, білім беру, ғылым, әлеуметтік-мәдени құндылықтар жүйесі, қоғамның әлеуметтік мүмкіндіктерінің көрінісі ретіндегі жеке адамның әлеуметтік-экономикалық және саяси қызметі, адам тыныс-тіршілігінің механизмдері, тәсілдері мен әдістері.

Зерттеулердің орталық фигурасы адам, оның табиғаты болып келген, солай бола береді де. Қазақ ағартушылары жеке адамды ғана емес, қоғамды, әлеуметтік шынайылықты да адам табиғатын басшылыққа ала отырып бағалаған. Қоғамдық құрылымының артықшылықтары мен кемшіліктері осынау әлеуметтік организмнің адамның негізгі қасиеттеріне, оның табиғатына сәйкес келуімен немесе сәйкес келмеуімен анықталған. Мәні адамның мәніне қарама-қайшы келетін қоғам ақыл-оймен жаңаруға тиіс. Қоғамдық прогрестің басым идеясы әлеуметтік тіршілік иесі және рухани бастау ретіндегі адам болып табылады.

Абайдың барлық шығармашылығы адамның табиғатын, оның әлеуметтік мәнін түсінуге арналған. Ойшыл: «Тұлғаның жалғыз қалуын оның өліміне теңей отырып, адам мәнінің әлеуметтілігін көрсетеді».

Оның айтуы бойынша «меннің» жекелігі немесе индивидуум абстракция болып табылады, яғни, «мен» жалғыздықта, жеке оқшау қалғанда және тұйықтықта емес, қоғамда, өзінің араласып, қарым-қатынас жасайтын басқа адамдардың ортасында жүзеге асады. Жеке тұлға – қоғамның және қоғамдық қатынастардың айнасы. Адам өз заманының баласы. Егер ол жаман болса, онда оған оның замандастары кінәлі».

Сонымен қатар, ол білім мен еңбек сияқты құндылықтардың әлеуметтік бағыттылығын атап көрсетеді. Мысалы, өзінің игілігі үшін еткен еңбекті ол әлеуметтік мағынасы жоқ еңбек деп қарастырады. Басқа біреудің игілігі үшін еңбек ету – адамдық міндет болып табылады.

Өз халқының әлеуметтік қиындықтарының түбірін қазақтардың өздерінен көреді. Ол оларды надандыққа, менмендікке, ақымақтық пен еріншектікке айыптады. Халық не болса соған, яғни көңіл толмайтын нәрсеге де қуанады. Қуана отырып, ол қалыпты жағдайын жоғалтты да, өзінің қайғырғаны мен істеген ісін ұмыт қалдырды.

Абай мұрасының XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси және экономикалық қарым-қатынас сипатындағы әлеуметтік мінез-құлықтың қалыптасуын, салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты зерттеудің қайнар көзі болып табылды. Оның дәлелі ретінде, XX ғасырдағы тарихты, әдебиетті, этнологияны, философияны зерттеуде Абайға сүйенбеген ешқандай дерек көре алмаймыз.

А. Бөкейхановтың жазуы бойынша: «Абай жиырмасыншы жылдарға қарай ұлттық білгір

ретінде бірінші оратор мансабына ие болды, яғни ол күнделікті тұрмыс-тіршіліктің барлық мәселелеріне шешім таба білді. Оны ойшылдығына қарай жүретін ұлттық афоризмдер жинағы деп атады».

Осылайша, жоғары айтылғандарға орай Абайдың әлемдік таным көзқарастарын келесі құрылым бойынша көрсетуге болады:

1. Жалпы адамдық құндылықтардың маңыздылығы, Қазақстан қоғамының біртұтастығы туралы қалыпты қалыптастырды.

2. Шығыс пен Батыстық дүниетаным негізінде өзінің философиясын құрды, ол бірінші рет диалектика концепциясы мен қозғалыс, даму идеясын мойындады. Осы көзқарас тұрғысында ол халықтың тағдырын, қазақтардың шаруашылық-мәдени типтерінің өзгеру мүмкіндігін, ондағы шаруашылықтың көшпенді, отырықшы және жартылай көшпенді тәсілдерін, қоғамның рухани және экономикалық жағдайын сынға алды.

3. «Өркениет» терминіне сүйенбей, Абай қазақ даласындағы әлеуметтік өмірдің ірі масштабтағы түрін ұйымдастырудың болғандығын көрсетті. Қоғамдық өзара байланыстың рухани формасы жайлы да айта кету қажет. Олар базалық мағынаға ие және қажетті компоненттерде жүзеге асады.

Шәкәрім Абайдың рухани мұрагері болып табылады. Шәкәрім Құдайбердиев 1858 жылы 11 шілдеде Семей облысында дүниеге келді. Саясатпен айналысты және билік басында қызмет етті. Шығармашылықпен толығымен 1898 жылы қырық жастан кейін ғана айналысты. Белгілі бір жүйе бойынша батыс және шығыс әдебиетін зерттеді, Шығыс ойшылдары мен ақындары Хафиз, Физули, Навоидің еңбектерімен, сонымен бірге Байронның, А.С. Пушкиннің, Л. Толстойдың туындыларымен танысты. Оның Хафизді қазақ тіліне аударуы техникасы мен шеберлігінде теңдесі жоқ аударма болды, сонымен бірге Пушкиннің «Дубровский» повесін керемет аударып шықты. Араб, парсы, түрік және орыс тілдерін еркін меңгерген. 1903 жылы орыс Императорлық географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөліміне мүше болып тағайындалды.

1906 жылы Меккеге қажылыққа барады (Б. Қанапьяновтың атасы – Қанапия-қажымен бірге). Мысырда, Стамбулда болып, ол жақта кітапханада жұмыс жасап және алған кітаптарын Семейге жіберіп отырды. Оның өмірінің соңғы жылдары 1905-1907 жылдардағы революцияға, бірінші дүниежүзілік соғысқа, Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа, ақпан және

казан көтерілісіне, азаматтық соғысқа, кеңес билігін орнатумен және ұжымдастыру кезеңімен сәйкес келді. Ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысына қатысты.

Большевиктердің билікке келуі қазақ хақының дәстүрлі өмірінің бұзылуына алып келді. Осы жағдай Шәкәрімді қатты толғандырды: «не үшін, кім үшін бұзылып жатыр және оның орнына не келеді?» деген сұрақтарға жауап іздеумен болды. Ал ұсынылған нәрселер қазақ халқының көп жыл бойы жиналған құндылықтарымен салыстырғанда ешқандай мәні жоқ еді. Сондықтан да ол социалистік идеяны қабылдаған жоқ. Сонымен бірге, ол күшпен құрылған мемлекетті қабылдай алмады. Осындай жағдайда да ақын өлеңдер мен жаңа туындылар жазуына тура келді. Сондықтан да ол мұндай қоғамнан кетуді ұйғарды.

1922 жылы Шәкәрім Шыңғыстау тауындағы Шақпан елінде жалғызділікті өмір сүрді. 1931 жылы 2 қазанда сот үкімінсіз жасырын түрде атылды. Ұлы талант иесі, ірі ғалым көптеген жылдарға ұмытылды. 1958 жылы 29 желтоқсандағы бұрынғы КСРО прокуратурасының шешімімен Шәкәрім ақталып шықты, алайда осыған қарамастан «ұлтшылдық» және басқа да кінәлары үшін ақынның шығармаларына тыйым салынды.

Шәкәрім өмірі барысында «Қазақтар айнасы», «Еңлік-Кебек» және «Қалқаман-Мамыр» поэмаларын жазды. 1913-1924 жылы «Абай», «Айқап», «Шолпан» журналында, «Қазақ» газеттерінде жеке өлеңдері, мақалалары мен эсселері жарық көрді. «Абай» және «Шолпан» журналдары оның Хафиз аудармасы мен Физулидің «Ләйлі мен Мәжнүн» поэмасын басып шығарды. 1936 жылы Алматы қаласында «Әдебиет майданы» журналында А.С. Пушкиннің «Дубровский» және «Дауылдар» поэмаларының аудармасы шықты.

Шәкәрім қоғамға ғылымилық деген ұғымды енгізді. Ол қоғам мен тұлғаның даму прогресін зерттеуді жалғастырды. Батыс пен Шығыстың тәжірибесі мен біліміне сүйене отырып, терең шығармашылық пен ойшылдыққа ие болды. Оның шығармашылық мәдениеті оның «туған жері мен туған тілінен» өрбиді. Ол орыс революциялық-демократиялық қоғамдық пікірмен жақсы таныс болды.

Ол, адамнан биологиялық және әлеуметтік бастауды көреді. Адамда екі қажеттілік бар дейді: олар жан және тән қажеттілігі. Адалдыққа, еңбек етуге ұмтылу, ол жан қажеттілігі болып

табылады. Өзін-өзі қастерлеу, жақсы көру – бұл тән қажеттілігі. Кімде-кімнің бірінші қажеттілігі жеңіп шығатын болса, онда ол кез келген зұлымдыққа баруға дайын болады. Екінші қажеттілік бұл риясыз еңбек пен жақсы іс-әрекеттерден басқа ештеңені көздемейді.

Шәкәрімнің «Үш анық» еңбегінде Абайдың «моральдық философиясының» жалғасы деп жазды. Автор негізгі үш аспектіге бөліп көрсетеді:

1. Шәкәрім Батыс Еуропа ойшылдарының еңбектерін сыни тұрғыда зерттейді. Спенсер мен Конттың ғылыми теорияларын нақты талдай келе, олардың көзқарасына өзінің жеке ұстанымын білдіреді.

2. Ол басқа дамыған халықтың білімін өз халқына жеткізуге тырысады.

3. Шынайы ғылымды іздеу – бұл басқа мәселелерден бас тарту. Ғылыммен еркін, ешкімге қарайламастан айналысу қажет.

Шәкәрім өмірдің заттық қажеттілігін мойындай отырып, адамдағы руханилықты, ойлау мен ақылдылықты да мойындайды. Тұлғаның табиғи тәннен айырмашылығы, ол өз өмірін жақсарту үшін ұмтылу мен мүмкіндіктері арасынан таңдауды өз қабылдауы бойынша жасайды.

Руханилықтың шегіне жеткен кезде ғана адам тұлғаға айналады да өз қызметін атқарады. Одан басқа адамдар өзінің биологиялық және психологиялық қажеттілігін қанағаттандырады, өз өмірінің мәнін іздейді және сол кезде ол «толық» адамға айналады. Бұл индивидті тұлғаға айналдыратын құндылықты параметрлерге негізделген негізгі өлшем болып табылады. Ұрпақ жалғастыруға ұмтылу мен өмір сүру үшін күрес индивидті адам етпейді, себебі, олар тек тәндік параметрлерге негізделген, ал өмір сапасын, жан қажеттілігін игеру индивидті тұлғаға айналдырады деп тұжырымдайды.

Шоқан Уәлиханов 1835 жылы Құсмұрын қамалында туылған (бұрынғы Қостанай облысы Құсмұрын станциясы). Кейінірек оның ата-анасы Көкшетау округіндегі Сырымбет елді мекеніне қыстауға көшеді. Ш.Уәлихановтың балалық шағы Солтүстік Қазақстанның жазушылық ортасында Сырымбетте өтеді. Шоқанның әкесі – Шыңғыс Уәлиханов Құсмұрын округінің аға сұлтаны қызметін атқарады. Биографтардың айтуы бойынша, Шоқан балалық шағында 3 жылға жуық медреседе мұсылманша білім алады, шығыс жазба әдебиетінің және қазақ фольклорымен таныс болған.

Патша әкімшілігінің адал қызметшісі, феодал Шыңғыс Уәлиханов өзіне лайықты адам-

ды дайындауға бел буды. Осындай мақсатта ол ұлын 1847 жылы Омскіге Кадет корпусына оқуға жіберді. Шоқанды Омскіге алып келген кезде, ол бір ауыз орысша білмейтін еді. Алайда, бірнеше айдан кейін талантты және кішіпейіл бала орыс тілін жақсы меңгеріп шығады. Оның орыс достарының бірі, сол Кадет корпусында оқыған, кейінірек атақты орыс саяхатшысы болған Г.Н. Потанин өзінің естеліктерінде былай деп жазды: «Шоқан өзін-өзі дамыту барысында орыс достарынан да асып түсті. Оның табиғи қабілетінен басқа да жегістіктері көп болды. Демалыс күндері туысқандары мен таныстары бар кадеттерге қалаға шығуларына рұқсат берілді. Ал, Шоқанның қалада ешқандай таныстары да туысқандары да болмады. Бірақ, өте қабілетті қырғыз баласы ретінде оған көпшілігі қызушылықпен қарады. Сондықтан да, осындай ерекше құбылысты бағалайтындар демалысқа алып кетіп жүрді».

Шоқан өзінің сабақтан бос уақытында Омскідегі қалалық кітапханада орыс демократиялық әдебиетімен танысты. Шоқан Уәлихановтың қызығушылық шеңбері өте кең және жан-жақты болды. Орыс классиктері мен әлемдік әдебиетімен қатар, ол Азияның зерттеушілері мен саяхатшыларының ғылыми трактаттарын зерттеді. Соның ішінде оны қатты қызықтырғаны сол кездегі «ақылдың адасуы» «Современник» журналы сияқты әдебиеттер болды.

Алғашқы уақытта кадет корпусында Шоқанға «бұратана» ретінде қарады да, Кадет корпусының фундаментальды кітапханасынан кітаптар алып оқуға рұқсат етілмеді. Г. Потаниннің айтуы бойынша: «Шоқанға фундаментальды кітапханадан кітап алуға рұқсат еткені, мен үшін үлкен бақыт болды. Ол бізге бәрінің қолдануына мүмкіндігі жоқ кітапханадан «Палластың саяхаты» және «Рычковтың жазбалары» сияқты кітаптарды алып келген болатын. Сол кезде-ақ, Шоқанның бірінші арманы Орта Азия мен жұмбақ Қытайға саяхат жасау еді. Сондықтан да оның Кадет корпусында оқыған жылдары алдағы саяхатқа дайындық болды. Ол Шығыстың филологиясын зерттей отырып, оған қатысты барлық кітаптарды оқып шықты.

Кадет корпусындағы алғашқы жылында Шоқан өзінің зеректігімен ерекшеленген, ол 14-15 жасынан бастап-ақ көзге түсті. Тілді тез меңгеріп, өзі қатарлас оқушылардан озық оқыған. «Корпуста ой-өрісі, білімі жағынан Шоқан тез өсті, орыс жолдастарын басып озып отырды. Оған талайлар назар аударды. Ол сондай қабі-

летті еді, өзінен екі жас үлкендердің сыныбындағыларды да білім, идея жағынан басып озды» – деп жазды бірге оқыған досы, этнограф-ғалым Т.Н. Потанин.

Шоқан Уәлиханов Кадет корпусын 1853 жылы бітірді. Кадет корпусындағы оқу мерзімі 6 жыл болатын, соңғы жыл «бұратаналар» үшін құпия болып саналатын арнайы әскери ғылым жайлы дәріс оқылды.

Кадет корпусын бітіргеннен кейін Ш. Уәлиханов карнет шенінде Сібір қазақ-орыс әскеріне жіберілді. Тапсырмаларды айрықша орындайтын жас офицерге Гасфорттың Батыс Сібір генерал-губернаторы ерекше көңіл бөліп, артынша 1854 жылы өзінің адъютанты етіп тағайындады. Ш. Уәлихановтың ғылыми қызметінің дамуына оның Омскідегі атақты Азия зерттеушісі П.П. Семенов-Тяньшанскиймен танысуы үлкен әсерін тигізді. Бұл оның 1856 жылы атақты Тянь-Шань мен Ыстықкөл саяхатынан келгеннен кейін белгілі болды. П.П. Семенов Уәлихановпен танысқаннан кейін, оның өз халқы үшін еңбек ететін, еңбексүйгіш және қайсар адам екенін көрді. Ол оның Петербургқа барып шығыстану факультетінің арнайы университеттік курсы тыңдауға ұмтылысын толығымен қолдады.

Ш. Уәлихановтың ғылыми біліктілігінің дамуына Батыс Сібір генерал-губернатордағы жұмысы жақсы әсер етті. 1855 жылы ол Гасфорт генералымен бірге Орталық Қазақстан, Тарбағатай және Семиречье өңіріне бірқатар саяхаттар жасады. Уәлихановтың Гасфорт генералымен бірге жасаған саяхаттары жайлы былай деп жазды: «Уәлиханов қызметте болғанына 2 жылдан көп болмаса да, ол қырғыз тілі мен дәстүрін жақсы білгендігінен сол жердің халқы арасында ерекше құрметке ие болды. 1855 жылы ол мені қазақ даласына алып бару барысында үлкен пайда әкелді».

1856 жылы көктемде Ш. Уәлиханов полковник Хоментовскийдің Ыстықкөл аймағын зерттеуге бағытталған экспедицияға қатысты. Бұл аймақта орыс бодандығын қабылдаған қырғыз елі мекен етті. Осы аймақ арқылы көрші Қытайға қысқа сауда жолы өтетіндіктен Ресей үшін маңызды болды. Осы саяхат барысында Ш. Уәлиханов қырғыз халқының өмірі мен күнделікті тұрмыс-тіршілігімен танысып, флорасы мен фаунасына ғылыми сипаттама жасап, Қырғыз этнографиясы, тарихы және ауыз әдебиеті бойынша мәліметтер жинады. Осы жұмыстарының бөлігі «Жоңғар очерктері» атымен 1861 жылы Ш. Уәлиханов тірі кезінде «Орыс геогра-

фиялық қоғам императорының жазбаларында» жарық көрді.

Қоғам және оның даму жолдары Ш. Уәлихановтың жұмыстарында көрініс тапты. ХХ ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясы прогрессивті ойларының алып жүрушісі ретінде Ш. Уәлихановтан бастау алады.

Ш. Уәлихановтың әлеуметтанулық көзқарасы адамзатты түсінуге арналған, ол табиғаттың бір бөлігі болғандықтан объективті ішкі әлем сияқты заңдылықпен дамиды. Осыған орай табиғат пен қоғам арасында ешқандай айрықша айырмашылық жоқ және болуы мүмкін емес. Қоғам да өсімдік әлемі сияқты жағымды жағдайды талап етеді. Алайда, қоғам мен өсімдік әлемі арасында айырмашылықтар айтарлықтай. Олардың айырмашылығы қоғам мен табиғат заңдылықтары арасында болып отыр. Табиғаттың дамуы физикалық заңдармен, ал қоғамның дамуы әлеуметтік заңдармен жүзеге асады.

Ш. Уәлиханов Орта Азия қоғамының күнделікті тұрмыс-тіршілігін, экономикалық, мәдени нормативтерді зерттей келе, оларды дәстүрлі деп сипаттайды. Қоғамдық дамуды айта отырып, «табиғи-тарихи» дамуға баса назар аударады. Ол адам мен қоғамды табиғат дамуының нәтижесі ретінде қарастырады, тарихилықтан тыс этникалық нормалар мен идеалдарды жоққа шығарады. Адамдардың түсініктері мен көзқарастары тұтқындағы организм және басқа да қоршаған орта жағдайымен анықталады. Әлеуметтік құндылық мәселесін ол әлеуметтік мәнділік тұрғысынан қарастырады. «Қырғыздар жайлы жазбаларында» ол бірінші рет қазақтардың өмірін, этникалық нормаларынан бастап сот ісі нормалары мен құндылықтарын зерттейді.

Ш. Уәлиханов бірінші рет қызғыз-қайсақтардың құрылымдық тәртібін сипаттай келе, мәртебелік-рөлдік позицияларын ашып зерттеген. Қырғыз-қайсақтардың екі бастауы бар дейді: ақсүйектер – күн сәулесінің нұрынан пайда болғандар және қаралар, ешқандай тылсым күштің қатысуынсыз адамдардан пайда болғандар (күл-құтандар).

Ш. Уәлиханов бірінші рет «каста» түсінігін қолданады. Ол стратификациялық құрылымды анықтау үшін пайдаланады. Ол касталар жайлы былай дейді: меншік иелері-манаптар және қарапайым халық (қара бұқара). Ежелгі орда ұрпақтары болып табылатын билік пен бағыныштылық қатынас манаптың патриархалды құқығына құрылған. Билік шексіз сипатқа ие болды: манаптар қара халықтың басқарушысы, мұнда билік қорқыныш пен қаталдыққа негіз-

делген. Түркі халықтарында билік патриархалды билікке негізделген.

«Соттық реформалар жайлы жазбаларында» әлеуметтік, саяси, экономикалық реформаларын енгізу туралы айтылған. Ш. Уәлихановтың айтуы бойынша барлық реформалар халыққа қызмет етуі қажет. Дамудың барлығы сонда ғана көрінеді дейді. Тек осындай жағдайда ғана әлеуметтік организм бірқалыпты дамиды. Саяси билік жекеменшіктен жоғары тұрады. Оның айтуы бойынша адамдар билікті пайдалана отырып, халықты тонайды және соның есебінен өздері байыды деп тұжырымдады.

Ы. Алтынсарин 1841 жылы 2 қарашада Торғай облысы Николай уезі Арақарағай ауылында дүниеге келді. Әкесінен ерте айырылып үлкен ағасының Балқожа бидің отбасында тәрбиеленді. 1889 жылы 30 тамызда қайтыс болады.

Ы. Алтынсарин – мектеп білімі саласындағы қоғам қайраткері, педагог және атақты қазақ өкілі. Оның атқарған қызметтеріне келетін болсақ, 1864 жылы алғашқы қазақ мектебінің ашылуы, қазақ тілінде хрестоматияның шығарылуы және ислам дінін пән ретінде қазақ тілінде енгізуі. Ол қазақ балаларын өз еліне пайдалы іспен және жер өңдеумен, шаруашылықпен айналысуға, үйретуге ұмтылды. Хан әкімшілігі жергілікті халықтан орыс тілінде іс жүргізе алатын орта буын шенеуніктерін дайындады. Сондықтан да, Алтынсариннің қазақ балаларын орыс тіліне үйрету ұсынысына ешқандай қарсылық болған жоқ, бірақ білім кеңістігін дамыту туралы ойы қолдау таппады. Екінші жағынан жергілікті халық Ы.Алтынсариннің жаңалығына қарсы болды, оның қазақ балаларын оқытуын «шоқындыру» және орыс әскеріне «солдаттық қызметке» дайындау деп түсінді. Шындығында да Ы. Алтынсарин ескірген көшпенділік шеңберіндегі сенімге және ислам дінін өз пайдаларына қарай пайдаланушыларға қарсы шықты.

Ы. Алтынсаринге ағартушы ретінде әрбір адамдық индивидуалдылықтың дамуы үшін ғибадатшылдық білім мен сенімді қорғаушылық қасиеті тән болды. Оның шығармашылығын жиі оқытындар, Алтынсариннің шығармаларының халықтың жоғын жоқтайтындығын көзі тірісінде-ақ бағалаған болатын. Ол өзінің әдеби шығармаларынан басқа халықтың рухын көтеретін ана тілінде хрестоматия жазумен, бастауыш оқуға арналған халық поэзиясы мен бірінші шығармалар кітабын құрастырумен айналысты. Ы. Алтынсарин тек педагог ғана емес, ол теоретик-этнограф, тарихшы, экономист және соны-

мен қоса өз бастауларын қорғау және әртүрлі жағылған күйені ақтап, ретке келтіріп отыратын шенеунік болды. Ол оқу орнының ұйымдастыру жұмыстарымен, маман жинау, мектепті жабдықтау мен жарықтандыру, балаларға қамқор болу, қаржылай қамтамасыз етумен және т.б. айналысты.

Қыз балаларды оқыту мәселесі де Ы. Алтынсариннің атымен байланысты. Ол 1888 жылы қазан айының аяғында қазақ қыздарына арналған мектеп ашты және Торғай, Қостанай, Ақтөбе қалаларында интернаттар мен училищелердің бөлімдерін ашуға рұқсат алды. Ы. Алтынсарин өмірі барысында төрт 2 сыныптық орталық орыс-қырғыз училищесін: оның бірі шаруашылық, бірі қыздарға арналған, бес болыстық және орыс балаларына арналған екі училище ашты. Сонымен қатар, оқытушылар мектебін де ашты.

Ы. Алтынсарин мектеп ашып қана қоймай, балаларға арналған оқыту мен тәрбиелеудің дидактикалық принципін, «Қырғыз хрестоматиясын», «Қырғыздарды орыс тіліне үйретудегі басқарудың бастауы» сияқты әдістемелік құралдар мен оқулықтар дайындады.

Ол білімді құндылық ретінде емес, әлеуметтік дамудың құралы ретінде қарастырды. Ол білім жүйесін балалар мен ересектерді оқытудың барлық әдістері мен құрылымы арқылы институтуализацияландырды. Ғалым әрі педагог Ы. Алтынсариннің нақты әлеуметтік іс-әрекеттері білімді қоғамды қалыптастыруға, жаңа өмір бейнесін құруға бағытталған болатын. Оның оқытудың әдістері мен жолдарын қоғамдық байланыстар мен қарым-қатынастар жүйесін, көшпенді халықты басқарудың дәстүрлі институттары мен мәдениетін ғылыми-әдістемелік талдау негізінде алған.

1882 жылы «Қырғыздардың қайғысы» жазбасында әкімшілік реформалар мен әлеуметтік базаның жүзеге асырылуының сәйкес еместігін көрсетеді. Яғни, қазақтардың өздерінің жерлерінен шеттетілгендігі турлы айтылады.

«Ең алдымен – дейді Ы. Алтынсарин, – далалықтардың ұлттық өмірін жасанды жолмен өзгерту үшін, оларды осы өмірге үйрету қажет, халықтың ішінде жер өңдеуден хабары бар адамдар бар ма, олар мұны қалай қабылдайды, бұл халық қандай жағдайда екенін анықтап алған жөн. Ы. Алтынсариннің «Қырғыз даласындағы аштық жайлы» деген мақаласында «істің табиғи жолы» туралы нақты айтылған. Ол халықты отырықшылыққа үйретумен айналысса да, «мәжбүрлеу» арқылы көшпенділіктен оты-

рықшылыққа «тез арада ауыстыру» жобасына қарсы болады. Себебі, орыс шаруаларына қарағанда қазақтар жер өңдеуден хабары жоқ болғандықтан, мұндай жоба халықты қанау болып табылады. Алтынсарин нақты мәліметтерге сүйене отырып, қазақтардың «ғасырлық күнделікті өмірді» отырықшылыққа ауысуына өздері де ұмтылыс көрсеткендігін дәлелдейді. Осыған орай ол аймақтағы малшауашылығының болашағы бар екендігін айтады. Кейбір уездерде жер өңдеудің ешқандай болашағы жоқ екендігін, ал малшауашылығын дамыту тиімді екендігін дәлелдейді. Осындай ескертулерге қазір де ойлануға болады.

Ресей патшалығы заңдарымен анықталған сайлау тәртіптерімен келісу қиынға соқты. Сайлау тәртібі Қазақстанда да болды, хандар сайлаушылар арқылы емес, жасына, қоғамда алатын орнына, қабілетіне қарай алдын ала дайындалған ұрпақ өкілдері сайланатын болған.

Ы. Алтынсарин өзінің жазбаларында патшалық басқармадан 1868 жылғы уақытша ережені қазақтардың көзқарастарымен және күнделікті жағдайларын, салт-дәстүрлерін ескере отырып өзгертуді сұрады, себебі, орыс және қазақ басшыларының билікті жеке мүддесіне пайдаланбас үшін халық билік пен сотты өздері таңдауы қажет деді.

Ы. Алтынсариннің дүниетанымдық элементі ретінде ислам жайлы трактовкасын айтуға болады. Ол ислам туралы оқулық жазды. Ы. Алтынсарин либералды ислам позициясын ұстанды. Оның барлық шығармашылығы халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрпын жаңарту идеясына алып келді.

Ы. Алтынсарин қазақтардың әлеуметтік жағдайын қарастыра отырып, байлық пен кедейлік мәртебесін анықтайтын, негізгі меншігі болып табылатын белгісі – мал басы арқылы құрылымдайды. Ғалым мүліктік меншігіне қарай жоғарғы және төменгі шекараны «төрт түліктің» санына қарай анықтағанын айта кету керек. Қазіргі тұжырым бойынша бұл ақшалай эквиваленттегі күнкөріс минимумымен салыстырғанда бай мен кедей деңгейінің кіріс көлемі деген интерпретацияға ие болады.

Мұндай зерттеулерді елемей әкімшілік, кейіннен Кеңес Одағы басшыларының ұжымдастыру жылдары қазақ шаруашылығын шашыратып таратуға алып келді. Жаңа басшылардың көзқарасы бойынша оларға таныс емес тәсілдер мен амалдармен шаруашылықты жүргізу өте үлкен өлшемдік сипатқа ие болды. Осы тұрғыда

Ы. Алтынсариннің зерттеуі сол кезеңдегі әлеуметтік реформалардың дұрыс саясатын жасау мен жүзеге асыру үшін өте маңызды қызмет атқарды.

Қазақстандағы әлеуметтік ойды қалыптастыру кезеңдерін анықтау үшін келесі критерийлерді қарастыру қажет:

1. Қоғамның әлеуметтік және саяси негізінің өзгеруімен байланысты қоғамға деген ғылыми және қоғамдық көзқарастардың өзгеруі.

2. Қоғамдық дамудың жаңа парадигмаларының пайда болуы.

3. Социумдағы әлеуметтік-саяси дәстүрлі ойлардың қалыптасуы.

Мұны жоғарыда көрсетілгендерді сипаттай отырып, келесі этаптардан көруге болады:

1. Қазақ интеллигенциясының ұлттық дамуы мен ұлттық мемлекеттілігі идеясының пайда болуы (1890-1917 жж.).

2. Революциялық қайта құру. Әлеуметтануға тыйым салу. Әлеуметтану буржуазиялық ғылым ретінде танылады (1917-1937 жж.).

3. Қоғамдыққа альтернативсіздік идеялары мен көзқарастары, сталинизм идеологиясымен нығайтуы әлеуметтануда теориялық ұстанымдар жасалмады (1937-1954 жж.).

4. Мемлекеттік және қоғамдық құрылымды түсіну капиталистік альтернативаға сай болды. Әлеуметтанудың тарихи материализмі мен ғылыми коммунизм негізінде дамуы. Әлеуметтанудың ғылым ретінде институтционализациялануы қалыптаса бастайды (1954-1985 жж.).

5. Елдегі социалистік қоғам жүйесінде жүйелі өзгерістер, әлеуметтік-саяси және экономикалық өмірінде түпкілікті жаңарулар болды. Социологиялық зерттеулер қолданбалы сипатқа ие болды (1985-1991 жж.).

6. Қазақстанның зайырлы мемлекет ретінде өзіндік даму кезеңі. Әлеуметтанудың ғылым ретінде қалыптасу кезеңі, әлеуметтанулық білімнің институтционализациялануы, білімді интернационализациялау мәселесін талқылау және Болондық процеске өту. Әлемдік әлеуметтанулық кеңістіктегі интеграциясы, қалыптасуы мен құрылуы (1991 бүгінгі күнге дейін).

Бірінші кезең қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын өзгертуге ықпалын тигізген Қазақстанның әлеуметтік-саяси өмірін жандандырумен сипатталады. Бұл жаңа әлеуметтік топтың – ұлттық интеллигенцияның қалыптасуына алып келді. Интеллигенция екіге бөлінді. Бірінші элитаға жоғары білімі бар немесе аяқталмаған жоғары білімі барлар, яғни феодал бай ортадан шыққандар кірді.

Интеллигенцияның екінші тобына – гимназияның, медициналық және жоғарғы бастауыш училищелер, мұғалімдік семинарларды бітіргендер кірді. Кәсіби құрамы: оқытушылар, техниктер, қараушылар, дәріханашылар, фельдшерлер, пошта және банк қызметкерлері, газет және типография жұмысшылары, медициналық ұйымдар және т.б. болды. Олар ірі діни, прогрессивті-буржуазиялық, халықтық-демократиялық бағыттағы, яғни халықтың сауатты, саясиаланған бөлімінің мүддесін қорғады.